

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.373-375

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ТОПАРСКИЕ ТЕПЛИЦЫ» ЖШС ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІНДЕ СУБСТРАТТА ҚИЯР ӨСІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Шаяхмет Н.*

Өте көп мөлшерде қаражатты қажет ететін технологиялық негізі бар – қорғаулы жерде, яғни жылыжай кешенінде көкөністерді өсіру көкөніс шаруашылығында ерекше маңызға ие. Көкөністерді жылыжайларда өсіру халықты жыл бойы көкөніспен қамтамасыз етудің бірден-бір жолы, әрі жыл бойы және маусымнан тыс жоғары сапалы көкөніс өндіру болып табылады.

«Агробизнес - 2020» бағдарламасы аясында соңғы жылдары жылыжай шаруашылығы жақсы дамып келеді. «Агробизнес - 2020» бағдарламасына сәйкес, озық технологиялар негізінде өндірістік жылыжай құрылысын жүргізіп, іске қосқан кәсіпкерлерге инвестициялық субсидия төленеді. «Агробизнес - 2020» бағдарламасы: «Жылыжай шаруашылықтарының желісін құру және қолданыстағыларын дамыту» инвестициялық бағдарламасы бойынша «Топарские теплицы» ЖШС жылыжай кешенінде алаңы 8 гектар жылыжай кешені тұрғызылды. Жобалық қуаты жылына 4 600 тонна көкөніс өнімін өндіру, жалпы құны 4 672,5 млн. теңге [1].

Топар кентіндегі жылыжай кешені қазіргі заманғы, неғұрлым тиімді технологияларды енгізу және пайдалануға негізделген, сонымен қатар өсімдіктерді қорғауда химиялық заттарды аз пайдалана отырып, жоғары сападағы экологиялық таза өнімдер алуға бағытталған. Жылыжай кешенінің жалпы аумағы 24 гектарды құрайды, оның 8,5 гектарында қияр өсіріледі.

«Топарские теплицы» ЖШС жылыжай кешенінің өндіріс көлемі 2012 жылғы (1922 тонна) көрсеткішпен салыстырғанда 26,9 %-ға артық, яғни 2440,9 тоннаны құрады, оның ішінде 1924,4 тонна қияр, 448 тонна қызанақ, 17,6 тонна бұрыш, 16,8 тонна аскөк, ақжелкен және 34,1 тонна лимон өндірілген. Қуатты техникалық әлеуетін және өнеркәсіпті дамыту инвестициялық стратегиясының қолжетімділігін қамтамасыз ету өндірістің ары қарай өсуіне, 2018 жылға дейін жылыжай кешенінің өнімділігін 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді.

Қияр өсірудің негізіне тамшылатып суаруды қолдана отырып минералды мақталы субстраттағы аз көлемді технология алынды. Өсімдікті өсіргенде, олардың тамыры топырақта емес, минералды немесе органикалық субстратта орналасады да, әлсін-әлсін минералды тыңайтқыштардың судағы немесе дымқыл ауадағы ерітіндісімен шыланып отырады. **Гроданда өсіру** – агрегатопониканың бір түршесі. Гродан – минералды мақтадан жасалған, қоректік заттармен шылағанда өз пішінін сақтайтын бойра. Гроданнан жасалған бойраның үстіне көшетті отырғызады да, әр өсімдікке әлсін-әлсін қоректік заттар жеткізетін түтікшелер жалғастырылады. Минералды мақтаны

(гродан) құрамында 60 % базальт, 20 % әк және 20 % кокс бар қоспаны 1500-2000° С балқытып алады [2].

Қияр жабық грунттарда өсірілетін көкөніс түрлерінің бірі болып табылады. Өз кезегінде, тұқым өнімділігі мен сапасы негізінен өсіру уақыты мен қолданылатын субстрат түріне байланысты болады. Тәжірибеде булыжай қиярдың екі сорты «Расто F-1» және «Melen F-1» қолданылған. Өсімдікті үш әртүрлі субстратта үш түрлі нұсқада өсірілген: көктемгі уақытта (29.01.2007), жазғы уақытта (16.05.2007) және күзгі уақытта (28.08.2007). Қияр тұқымына химиялық талдау әрбір кезеңінде жүргізілді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, құрғақ заттың мөлшері көктемгі-жазғы өсіруде айтарлықтай жоғары болған, сонымен қатар минералды мақтада өсіру кезінде. Өсіру уақыты оның құрамындағы С дәрумені мен каратиноидтің мөлшеріне айтарлықтай әсер еткен. Күзгі өсіру кезінде алынған қияр өнімі құрамында азот пен фосфор мөлшерінің айтарлықтай жоғары болуымен сипатталды, ал кальций мен калий мөлшерінің жоғары болуы жазғы өсіру кезінде байқалған [3].

Қиярды өсіруде минералды мақта субстрат мақтасының химиялық инерттілігі мен ерекше ылғалды ұстаушы ерекшелігінің арқасында шағын көлемділер үшін мінсіз субстрат болып табылады. Жылыжай кешенінде маусымнан тыс жоғары сапалы экологиялық таза көкөністерді өндіру арқылы жыл бойы үздіксіз көкөністермен қамтамасыз етеді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. 2013 жылғы 18 ақпанда №51 жарлығына сәйкес ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес - 2020» бағдарламасы.

2. Щепетков Н.Г., Ысқақов М.А. Жеміс-көкөніс шаруашылығы. – Алматы «Дәуір», 2011. -536 б.

3. Gajc-Wolska J; Kowalczyk K, Bujalski D. The Effect of cultivation Term, Substrate and Cultivar on Chemical Composition of cucumber Fruit (*Cucumis sativus* L.) in greenhouse Production. - Acta Horticulturae - 2010. - P. 239-244.

*Ғылыми жетекші: Сағалбеков Е.У., а.ш.ғ.к. аға оқытушы*